



**Алматы қаласы әкімшілігінің жанындағы үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтасу және өзара іс-қимыл жасау жөніндегі Алматы қалалық Кеңесі туралы**

*Күшін жойған*

Алматы қаласы әкімшілігінің 2004 жылғы 11 ақпандағы N 2/120 қаулысы. Алматы қалалық Әділет Департаментінде 2004 жылғы 02 наурызда N 585 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 13 ақпандағы № 2/82 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2009.02.13 № 2/82 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 наурыздағы "Қазақстан Республикасындағы үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" N 253 Қаулысын жүзеге асыру мақсатында Алматы қаласы Әкімшілігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімшілігінің жанындағы үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтасу және өзара іс-қимыл жасау жөніндегі Алматы қалалық Кеңесі - консультативтік-кеңесші орган құрылсын (бұдан әрі мәтін бойынша-Кеңес).

2. Кеңес туралы ұсынылған Ереже бекітілсін (1 қосымша).

3. Белгіленген тәртіпте Кеңестің ұсынылған жеке құрамы Алматы қаласы Мәслихатына бекітуге берілсін (2 қосымша).

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары А.Қ.Бижановқа жүктелсін.

*Алматы қаласының әкімі  
әкімшілік хатшысы*

*В. Храпунов  
К. Тәжиева*

А л м а т ы қ а л а с ы ә к і м ш і л і г і н і ң  
2 0 0 4 ж ы л ғ ы " 1 1 " а қ п а н д а ғ ы  
N 2 / 1 2 0 қ а у л ы с ы н а

N 1 қосымша

**Алматы қалалық әкімшілігінің жанындағы  
үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтасу  
және өзара іс-қимыл жасау жөніндегі  
Алматы қалалық Кеңесі туралы  
ЕРЕЖЕ**

## **I. Жалпы ережелер**

1. Үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтасу және өзара іс-қимыл жасау жөніндегі Алматы қалалық Кеңесі (бұдан әрі Кеңес) Алматы қаласы әкімшілігі жанындағы үйлестіру және консультативтік-кеңесші органы болып табылады.

2. Кеңестің негізгі мақсаты үкіметтік емес ұйымдардың дамуына және қалыптасуына жәрдемдесу жергілікті мемлекеттік басқару органдарының өзара іс-қимыл жасауы және қолдауы негізінде қоғамның әлеуметтік маңызы бар проблемаларын шешудегі олардың ролін көтеру.

3. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңнамалық және мөлшерлемелік құқықтық актілерін және сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

## **II. Кеңестің міндеттері және қызметінің негізгі бағыттары**

4. Кеңестің міндеттері мыналар болып табылады:

1) мемлекеттік билік органдардың және үкіметтік емес ұйымдардың өзара іс-қимылын жасауының ұтымды жолдарын іздестіру;

2) әлеуметтік мәселелерді шешетін үкіметтік емес ұйымдарға ақпараттық-консультациялық, әдістемелік қолдау көрсету;

3) үкіметтік емес ұйымдардың әзірлеген әлеуметтік маңызды жобаларын жүзеге асыруға көмек беру;

4) экономикалық және әлеуметтік саясаттың басым бағыттары туралы өкілетті және атқарушы үкімет органдарының қарауына ұсыныстар енгізу;

5. Кеңестің негізгі қызметінің басты бағыттары мыналар болып табылады:

1) қаланың болашақ әлеуметтік-экономикалық даму жоспарын әзірлеуге қ а т ы с у ;

2) қоғам дамуының өзекті мәселелері бойынша көпшілік тыңдауларды ұ й ы м д а с т ы р у ;

3) мемлекеттік емес ұйымдардың мына салаларында сындарлы бастамаларын т а л қ ы л а у , қ о л д а у :

- әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту;

- денсаулық сақтау;

- білім, ғылым, жаңа технологиялар;

- экология;

- мәдениет;

- құқықтық қорғау;

- тұтынушылардың құқықтарын қорғау;

- жастар және балалар ұйымдары;
  - отбасы және әйелдер;
  - отанды сүю ұйымдары;
  - спорт және туризм;
  - қаржы, бизнес, экономика;
  - ақпараттық сала және БАҚ;
- кәсіподақ бірлестіктері.

### **III. Кеңестің негізгі құқықтары**

6. Кеңестің мынадай құқықтары бар:

- мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара бірлесіп жұмыс атқару олардан консультациялық қолдауға ие болу;
- Кеңестің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ұсыныстар даярлауға және оларды өкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қарауына енгізу;
- заң тәртібіне сәйкес мемлекеттік және өзге ұйымдардан қажетті ақпараттық материалдарды сұрастыру;
- талқыланатын мәселелерге қатысты мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерін Кеңестің мәжілісіне шақыру;
- Кеңестің қарауына енгізілетін мәселелерді алдын ала зерттеу үшін (қажет болған жағдайда) уақытша сараптау жұмыс топтарын құру және оларды шешудің тиімді жолдарын анықтау;
- сарапшылар мен консультанттар ретінде мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерін тарту.

### **IV. Кеңес қызметін ұйымдастыру**

7. Кеңес үкіметтік емес ұйымдардың, сондай-ақ мемлекеттік органдардың (мекемелердің) өкілдері санатынан тұрақты негізде құрылады.

Кеңестің жеке құрамы Алматы қаласы Әкімінің ұсынысымен Алматы қаласы Мәслихатының шешімімен бекітіледі.

Кеңестің құрамына мемлекеттік органдардан мемлекеттік органның (мекеменің) бірінші басшысы немесе оның орынбасарының мәртебесі бар өкілдер, үкіметтік емес ұйымдардан олардың бірінші басшылары енеді.

8. Кеңеске тең құқықтары бар екі тең төраға басшылық етеді, олардың біреуі үкіметтік емес ұйымдардан сайланады, екіншісі қала әкімшілігінің өкілі (лауазымы бойынша - Ішкі саясат департаментінің бастығы).

9. Кеңестің тең төрағалары мынадай қызметтерді жүзеге асырады:

- Кеңес мүшелерінің және Кеңес шешімдерін жүзеге асыру аясында оның қызметіне тартылған мамандардың жұмысын үйлестіру;

- Кеңес мәжілісін әзірлеуді қамтамасыз етеді;
- әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру жөнінде уақытша сараптау және шығармашылық жұмыс топтарының қызметін ұйымдастырады;
- әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру үшін уақытша сараптау және шығармашылық жұмыс топтарының қызметін ұйымдастырады;
- әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру үшін үкіметтік емес ұйымдардан ұсыныстарды қарау үшін қабылдайды;
- Кеңестің қызметін жария ету үшін және қабылданған шешімдердің мөлдірлігін қамтамасыз етуде БАҚ тұрақты байланысты жүзеге асырады.

10. Кеңес мәжілісі қажеттілігіне қарай өткізіледі, тоқсанына бір реттен кем емес және оған оның мүшелерінің тең жартысы қатысқан жағдайда өкілетті бо л ы п е с е п т е л е д і .

11. Мәжілісті өткізудің күнін, уақытын, күн тәртібін Кеңестің тең төрағалары анықтайды, олар Кеңес мүшелері мен үкіметтік емес ұйымдар басшыларының ұсыныстарын ескереді. Күн тәртібі Кеңес мүшелеріне оны өткізер алдындағы 10 күнтізбелік күннен қалдырылмай жіберіледі.

12. Мәжілісті өткізу тәртібін және сөйлеушілердің регламентін мәжіліске қ а т ы с у ш ы л а р а н ы қ т а й д ы .

13. Кеңестің шешімі ашық дауыспен қабылданады және ұсынымдық сипатта болады. Шешім қабылданды деп есептеледі, егер оған Кеңес мәжілісіне қатысқан мүшелердің көпшілігі дауыс берген жағдайда. Көпшілік дауыс алмаған Кеңес мүшелерінің пікірлері жазбаша түрде ресімделіп, Кеңес шешіміне қоса берілуі м ү м к і н .

14. Кеңес мәжілісі хаттамамен ресімделіп, оған тең төраға қол қояды.

15. Кеңес шешімі қажет болған жағдайда үкіметтің өкілетті және атқарушы органдарының қарауына берілуі мүмкін.

16. Шешімдердің орындалуын бақылау Кеңестің тең төрағаларына жүктеледі, олар Кеңес мүшелеріне қабылданған шешімдердің орындалуы жайлы тұрақты хабарлап тұрады.

## **V. Кеңес қызметін қамтамасыз ету**

17. Кеңес қызметінің ұйымдық-техникалық қамтамасыз етілуі Алматы қаласы әкімшілігінің Ішкі саясат департаментіне жүктеледі.

### *Әкімшілік хатшысы*

Алматы қаласы әкімшілігінің  
 2004 жылғы "11" ақпандағы  
 N 2 / 1 2 0 қ а у л ы с ы н а  
 N 2 қосымша

**Алматы қаласы әкімшілігінің жанындағы  
үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтасу  
және өзара іс-қимыл жасау жөніндегі  
Алматы қалалық Кеңесінің  
ҚҰРАМЫ**

1. Жүнісбеков Болат - Алматы қалалық Ішкі  
Жүнісбекұлы саясат департаментінің  
бастығы, Кеңестің тең төрағасы
2. Цеховой Алексей - Халықаралық Ақпарат  
Филлипович академиясының бас директоры, Кеңестің тең  
төрағасы
3. Қамзанов Айтжан - Алматы қалалық Ішкі  
Сыдықанұлы саясат департаментінің бөлім бастығы, Кеңес  
хатшысы

*Кеңес мүшелері:*

4. Аманбаев Али - Алматы қалалық мүгедектер  
Әбілдаұлы қоғамының төрағасы
5. Андреев Андрей - "Правовая инициатива" қоғамдық бірлестігінің  
төрағасы
6. Ахметова Лейла - "Интеллектуалдық еңбек әйелдері одағы" -  
Сейсенбекқызы қоғамдық бірлестігінің төрайымы
7. Аюханов Болат - "Қазақстан би өнерін  
Азизұлы қолдау" қоғамдық қорының төрағасы
8. Бәкірова±Ғалия - "Дана" отбасын  
Ешмухаметқызы әлеуметтік қолдану орталығының директоры
9. Балабаева Нина - "Родник" әйелдер мен  
Николаевна балаларды бейімдеу және рухани сауықтыру  
орталығының директоры
10. Бахарева Ольга - "Спешиал Олимпикс Қазақстан" қайырымдылық  
Сергеевна бірлестігінің бас директоры
11. Бахмутова Наталья- жас көшбасшылары  
Ивановна қауымдастығының президенті
12. Госсен Эрвин - Қазақстан немістері  
Францевич ғылыми бірлестігінің тең төрағасы
13. Дуспулова Дина - "Алматы - Бейбітшілік  
Айсақызы үйі" қоғамдық бірлестігінің қоғамдық  
бірлестігінің аға үйлестіруші

14. Елеусізов Мәлс - "Табиғат" Қазақстан  
Хамзаұлы қауымдастықтары және кәсіпорындары  
экологиялық одағының төрағасы
15. Жаппарова Шакета - әлеуметтік-құқықтық  
Шағатайқызы дамуға жәрдемдесу орталығының атқарушы  
директоры
16. Илиева Ұрқыз - Шығыс әйелдерінің  
Злаудунқызы Халықаралық экологиялық  
қауымдастығының президенті
17. Иманғазина - "Бибі Ана" мүгедек  
Бибигуль әйелдердің республикалық  
Қабиқызы бірлестігінің президенті
18. Ешмұхамедова - "Мөлдір" әйелдер қауымдастығының  
Л я з з а т п р е з и д е н т і  
Ескендірқызы
19. Қараулова Әсел - Қазақстандық баспасөз  
Әділқызы клубының президенті
20. Ким Светлана - "Тин Челлиндж Қазақстан"  
Чансебовна қайырымдылық қорының қаржы директоры
21. Мәліков Ернар - "Баспана" қоғамдары  
Денбайұлы қауымдастығы заңды тұлғалар  
Бірлестігінің бас директоры
22. Молдахмет - Алматы кәсіподақтар  
Мырзағали Одағының төрағасы  
Молдахметұлы
23. Оразбаев Талғат - Қазақстан денсаулық сақтау  
Мұратұлы Бірлестіктері және ұйымдары  
Одағының директоры
24. Пашевич Сергей - Ауғанстандағы соғысқа  
Владимирович қатысқан жауынгерлер  
Қауымдастығының мүшесі
25. Пірімқұлов - "Қарулы Күштер мүгедектеріне  
Амангелді жәрдемдесу қорының" төрағасы  
Мүдиханұлы
26. Рахымбеков - "Фемида" тұтынушылардың  
Сейінбек құқықтарын қорғаудың  
Садықұлы қалалық орталығының төрағасы

27. Савченко Светлана Юрьевна - "Қазақстан Республикасы тұтынушылары ұлттық лигасы" қайырымдылық қорының төрайымы
28. Садықова Айжан - Қазақстан провизор-дәрігерлері Бекайдарқызы Қауымдастығының президенті
29. Сүлейменова Роза - ақыл-ойы дамуында ақауы Айтжанқызы бар балаларды әлеуметтік бейімдеу және кәсіби еңбек бойынша сауықтыру орталығының директоры
30. Тәнекеев Сейдәлім - Республикалық мүгедектер Нысанбайұлы қоғамының төрағасы
31. Тукалевская Наталья - Қазақстан Республикасы Николаевна президенті Диабеттік Қауымдастығының
32. Тұрғанбай Зухра - "Қамқорлық" дағдарыс Құсайынқызы орталығының директоры
33. Филатов Владимир - "Тенгри Умай" қайырымдылық қорының Аркадьевич төрағасы
34. Франц Инесса - Даму мақсатындағы ынтымақтастық Владимирова институтының президенті
35. Хабибуллина Ирина Викторовна - "Мөлдір" шағын несие ұйымының директоры
36. Хайруллина Асия - Балаларды асырап алу жөніндегі ақпараттық орталығының директоры
37. Хегай Аркадий Юрьевич - "Халықаралық құқық қорғау орталығы" қоғамдық бірлестігінің президенті
38. Ямбаев Виктор Вениаминович - Алматы кәсіпкерлер қауымдастығының президенті
- Әкімшілік хатшысы К. Тәжиева*